

№ 23 жалпы орта білім беретін мектептің

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы

Атырау облысы,
Жылыой ауданы
Жаңа Қаратон кенті

29 қаңтар 2018 жылы

Қатысқандар: 11

1. Мектеп директоры -З.Аязбаева
2. Әлеуметтік педагог- М.Губайдуллина
3. Кеңес төреғасы – Ж.Есқалиева
4. Мүше: Қ.Бапаева
5. Мүше: А.Сихов
6. Мүше А.Біләлов
7. Мүше: Б.Зинуллин
8. Мүше: Н.Өкпегазиев
9. Мүше: Ж.Умирзаков
- 10.Мүше: Д.Кушенова
- 11.Мүше: Д.Бохаев

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңестің қызметі және ережелері туралы мәлімет.
- 2.2017-2018 оқу жылындағы 1 жарты жылдық қорытындысы бойынша есебі
Мектеп директоры: З.М.Азбаева
- 3.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің есепшоттар ашуы жайында.

Тыңдалынды:

- 1.Мектеп директоры Аязбаева Злиха Макесовна қамқоршылық кеңестің қызметі және ережелері туралы сөз алды. Ол өз сөзінде қамқоршылық кеңестің атқаратын қызметі, ережелері жайында әрбір бөлімдеріне жеке – жеке түсінік беріп, тоқталды. Мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыстары жыл басынан бастап атқарылып келе жатқандығын және ондағы мүшелердің де бірігіп ауызбіршілікпен бала үшін жанын салып, жұмыстарды жүзеге асырып жатқандығын баяндады.
- 2.Келесі мәселе бойынша да мектеп директоры өз сөзін жалғастырды. 2017-2018 оқу жылындағы 1 жарты жылдық бойынша есебі туралы сөз қозғады. Жалпы мектебіміз бойынша 1-11 сынып аралығы бойынша 555 оқушы білім алып жатқанын, қазіргі уақытта мектеп жанынан берілетін бір мезгіл ыстық тамақпен мектептегі 1-4 сыныптар мен аз қамтылған отбасы балалары, яғни жалпы саны 260 оқушы қамтылып отырғанын мәлімдеді. Оның ішінде бастауыш сыныптарында оқитын 236 оқушы түгел қамтылса, ал 5-11 сыныптар бойынша аз қамтылған отбасыларынан шыққан 24 оқушы мектеп

Мектептегі шешімін таппаған мәселелерді қамқоршылық кеңесінің ықпалымен бірігіп шешуге болатындығын баса айтты.

3. Мектептің әлеуметтік педагог Губайдуллина Мирамгуль сөз сөйледі. Ол өз сөзінде кеңес мүшелерінің арнайы есепшоттар ашуы жайында айтып өтті. Ол есепшотқа өз жағдайларына қарай көмек берем деген кез-келген адамдар өз еркімен ақша аударып тұруға болатындығын хабарлады. Себебі, кез-келген жағдайда, келеңсіз жәйттар (кенет ауырып қалуы, қиыншылықтар т.б.) болып қалған уақытта осы есепшоттағы қаражатты пайдалануға болатындығын ескертті. Сондай-ақ есепшоттағы ақшаны қамқоршылық кеңес мүшелерінің келісімімен жұмсайтындығын хабарлады.

Сөйлегендер:

1. Кеңес төрағасы: Есқалиева Жумагуль сөз сөйледі. Ол өз сөзінде «Қамқоршылық» акциясы кезінде жұмыстың жасалынып және оған қолдарынан келгенінше көмектерін беріп отырғандығы жөнінде айтты. Жаңа жыл қарсаңында 20 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар берілгенін жеткізді. Әрине, есепшот аштыруға бірауыздан бәріміз келісеміз. Бұл есепшотты аштырып, ондағы аударылған ақшаны кез-келген қиын жағдайда пайдалана беру керектігі тиімді екенін айтып өтті.

2. Кеңес мүшесі Бапаева Қалдан сөз сөйледі. Ол сөзін қамқоршылық кеңес ережелері туралы толықтай мәлімет алғандығы және де бұл есепшотты аштыруға қарсы емес екендігін жеткізді. Мектептегі қамқоршылық кеңестің жасап жатқан жұмыстары болашақ ұрпақ үшін жасалып жатқан игі істер екенін айтты. Аталған жұмыстар әрі қарай да жалғаса берсе көптеген көмекке зәру отбасыларының алғысына бөленетіндерін айтып, сөзін қорытындылады.

Қаулы:

- 1.1. Қамқоршылық кеңес қаржылық қорын құруға және оны түсіндіру жұмыстарын жүргізуге жұмыстансын.
- 1.2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жұмысы әрі қарай жандандырылсын.
- 1.3. Қамқоршылық кеңес жұмысы туралы БАҚ-ына ақпарат берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Мүшелері:

Мүшелері:

Мүшелері:

Мүшелері:

Мүшелері:

Мүшелері:

Мүшелері:

Қамқоршы кеңес хатшысы:



<i>Есқалиева</i>	Есқалиева Ж
<i>Бапаева</i>	Қ.Бапаева
<i>Білалов</i>	А.Білалов
<i>Зинуллин</i>	Б.Зинуллин
<i>Өкпегазиев</i>	Н.Өкпегазиев
<i>Умирзаков</i>	Ж.Умирзаков
<i>Кушенова</i>	Д.Кушенова
<i>Бохаев</i>	Д.Бохаев
<i>Сихова</i>	А.Сихова